

## Йодталмаған ас тұзын әкелу, өндіру және өткізу қағидасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 154 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 12 мамырда № 11027 тіркелді

«Йод тапшылығы ауруларының алдын алу туралы» 2003 жылғы 14 қазандағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес,  
**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған Йодталмаған ас тұзын әкелу, өндіру және өткізу қағидасы б е к і т і л і с і н .

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е л у і н ;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімдік баспасөз басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Е. Досаев

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрі  
Т. Дүйсенова

2015 ЖЫЛҒЫ « » \_\_\_\_\_

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму министрі  
Ә. Исекешев

2015 ЖЫЛҒЫ « » \_\_\_\_\_

2015 ЖЫЛҒЫ « » \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2015 жылғы 27 ақпандағы  
№ 154 бұйрығымен бекітілген

## **Йодталмаған ас тұзын әкелу, өндіру және сату қағидасы**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы йодталмаған ас тұзын әкелу, өндіру және сату қағидасы (бұдан әрі – Қағида) меншік нысанына қарамастан, қызметі тамақ өнімдерін әкелу, өндіру және сатумен байланысты заңды және жеке тұлғаларға арналған.

2. Йодталмаған ас тұзын әкелуді, өндіруді және сатуды реттеу Қазақстан Республикасының аумағында йод тапшылығы ауруларының алдын алу мақсатында жүргізіледі.

3. Қазақстан Республикасының аумағына йодталмаған ас тұзын әкелу, өндіру және сату:

- 1) өндірісінде йодталмаған ас тұзы пайдаланылатын тамақ өнімінің жекелеген түрлерін өндіруге;
- 2) йодталған тұзды қолдануға болмайтын көрсетімдері бар адамдарға жол беріледі.

### **2. Йодталмаған ас тұзын әкелу және өндіру қағидасы**

4. Қазақстан Республикасының аумағына йодталмаған ас тұзын әкелу құрамында йодталмаған ас тұзын пайдалану көзделетін тамақ өнімінің жекелеген түрлерін нысаналы өндіруге қажетті көлемдерді жеткізу туралы тамақ өнеркәсібі кәсіпорнымен келісім-шарт негізінде жүзеге асырылады.

5. Йодталған ас тұзын қолдануға болмайтын көрсетімдері бар адамдарды қамтамасыз ету үшін өндірушілер йодталмаған ас тұзын кәсіпкерлік субъектілерінің өтінімдері бойынша, бірақ өндірістік қуатының жалпы көлемінің кемінде 0,1 %-ын шығарады.

6. Йодталмаған ас тұзын әкелу Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 9

желтоқсандағы № 880 шешімімен бекітілген «Тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы» Кеден одағы техникалық регламентінің (021/2011 КО ТР) талаптарына сәйкестігін растау (бағалау) бойынша құжаттары болған кезде жүзеге асырылады.

### **3. Йодталмаған ас тұзын сату қағидасы**

7. Қазақстан Республикасының аумағында сатуға арналған йодталмаған ас тұзы Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 880 шешімімен бекітілген «Тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы» Кеден одағы техникалық регламентінің (021/2011 КО ТР) талаптарына сәйкестігін бағалауға (растауға) жатады.

8. Йодталмаған ас тұзы оның таңбалануы Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 881 шешімімен бекітілген «Тамақ өнімі оның таңбалану бөлігінде» Кеден одағы техникалық регламентінің (022/2011 КО ТР) талаптарына сәйкес келген кезде нарықта айналымға шығарылады.

9. Йодталмаған ас тұзын сату сауда объектілерінің сауда залдарында бейімделген мақсаттағы өнімдер үшін арнайы бөлінген сөрелерде жүзеге асырылады.